

БЕКІТІЛДІ
«Береке» бөбекжай-балабақшасы
менгерушісі

Мықтыбеков Н.К.

жылдық жоспар 2020_ жылы

«27» тамыздағы

№1 педагогикалық кеңесте бекітілді

Түркістан облысы
Ордабасы аудандық адами әлеуетті дамыту
басқармасына қарасты «Береке» бөбекжай
балабақшасы ЖШС-гі
2020 - 2021оқу жылына арналған
ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАР

«Береке » бөбекжай-балабақшасының жылдық (өндірістік) жоспарының структуралық моделі:

1. Ұйымдастыру жұмыстары

- 1.1. Кіріспе
- 1.2. Өткен 2020-2021 оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың есебі
- 1.3. 2020-2021 жаңа оқу жылының мақсаттары мен міндеттері

2.Кадрлармен жұмыс

- 2.1. Педагог кадрлар жөнінде мәлімет
- 2.2. Педагогикалық кеңес жоспары және ондағы қаралатын мәселелер, ашық ұйымдастырылған оқу іс-қызметтері
- 2.3.Жаңа технологияларды ендіру жоспары
- 2.4. Озық іс-тәжірибені үйрену және оны тарату
- 2.5. Педагогикалық кадрларды іріктеу шаралары және қызметкерлердің өз білімін көтеруі туралы
- 2.6. Әдістемелік кабинеттің жұмыстары туралы
- 2.7.Өндірістік кеңес және ондағы қаралатын мәселелер
- 2.8. Меңгерушісі жанындағы кеңес және ондағы қаралатын мәселелер
- 2.9.Медициналық қызметтің ұйымдастырылуы

3. Балалармен жұмыстар

- 3.1. Ертеңгіліктер, серуендер
- 3.2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау
- 3.3. Дене шынықтыру және сауықтыру шаралары
- 3.4. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспары

4. Құқықтық тәрбие жұмыстары

- 4.1.Педагог кадрлардың құқықтық білімін көтеру, нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау жұмыстарының іс-шаралары
- 4.2.Балалардың құқығын қорғау жұмыстарының іс-шаралары

5. Бақылау мен басқару

5.1. Балабақшаішілік оқу-тәрбие жұмыстарына бақылау жасау жоспары

6. Ата-аналармен жұмыс

6.1. Балабақшаның ата-аналармен ынтымақтастықта атқарылатын жұмыстарының жоспары, ашық есік күндерінің ұйымдастырылуы

6.2. Оның ішінде әр топтың ата-аналармен атқарылатын жұмыстары

6.3. Топтық және балабақшаның ата-аналар жиналыстары, хаттамалары

7. Балабақшаның басқа мекемелермен байланысы

7.1. Мектептің бастауыш сыныптарымен, аптекамен, мұражаймен және басқа балабақшалармен өзара байланыс жұмыстарының жоспарлары

8. Әкімшілік-шаруашылық жұмысы

8.1. Жылу жүйесі, балабақша ғимаратының жағдайы туралы, балабақша ауласын, аумағын абаттандыру, көгалдандыру жұмыстары, жиһаз, ойыншықтары, кітаптар мен оқулықтар алу жұмыстары, азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері.

I.Кіріспе

Ордабасы аудандық білім бөліміне қарасты ЖШС «Береке» бөбекжай балабақшасы мына мекен-жайы бойынша орналасқан: «Көкарал» елді мекені М. Тәліпбайев көшесі №4 үй
тел: 8775 643 05 25

Балабақша паспорты

«Береке» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Пошталық индексі 160602

Лицензия: 0012789 dx. 05.11.2014ж

Тіл оқыту(қазақша, орысша, аралас)-қазақ тілі

Ғимарат түрі- 1-қабатты

Жалпы көлемі пайдалы-0,12 га

Қолдануға берілген жылы - 2014 жыл

Құрылыс ауданы - 203,2 кв.м

Пайдалы алаңы – 203,2 кв.м

Балабақша мекемесі бір қабатты, онда балалардың ойын бөлмелері, жатын бөлмелері және меңгеруші, медициналық, әдіскер бөлмелері орналасқан. Асхана ,кір жуатын орын және басқа да шаруашылық құрылыстар мекемеден бөлек жайда орналасқан. Балабақша 2014 жылы 2 топпен, яғни 50 баламен жұмыс жасаса, Ал, 2016 жылдың желтоқсан айының 09-ші жұлдызынан «Балапан» бағдарламасы бойынша қосымша 2 топ ашылып, қазіргі таңда 4 – топпен , бала саны 100 баланы құрап отыр.

2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫН ЖОСПАРЛАУ КЕЗІНДЕГІ БАСТЫ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

№	Негізгі құжаттардың атауы	Негізгі құжаттардан алынған іс-шаралар, нұсқаулар
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995ж.	1995жылы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының (ҚР Президентінің жарлығы бойынша 1996 №4,217 құжат, 1998 №20,245 құжат) мынандай өзгертулер мен толықтырулар енгізілген. Заңда әрбір азаматтың мемлекеттік білім беру мекемелерінде тегін орта білім алуға, мемлекеттік жоғары оқу орындарында бағалау негізінде ақысыз білім алуға құқылы. Заңға негізделініп құрылған жеке меншік мекемелерде ақылы білім алуға құқылы. Мемлекет жалпыға міндетті білім беру стандартын бекітеді. Барлық білім беру мекемелері осы стандартқа сай жұмыс атқаруы керек.
2	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы.24.10.2011 ж.	Білім аймағындағы қоғамдық қатынасты осы заң реттейді, мемлекеттік саясат аумағында негізгі принципті белгілейді және Қазақстан Республикасының азаматы білім алуына Конституциялық құқық пен қамтамасыз етуіне бағытталған.
3	Бала құқықтары туралы Конвенциясы. 08.08.2002ж. №345-П.	Балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамытуәлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу.
4.	«Қазақстан Республикасының тілдер туралы» Қазақстан Республикасының 11.07.1997ж. №151-І Заңы.	ҚР тілді қолдану негізгі заңын, осы заң белгілейді, меңгеру және дамыту, мүмкіншілік туғызу, мемлекет міндеті. Тәрбиешілерге: 1. Тіл туралы заңға байланысты мәселе - Мемлекеттік тіл- қазақ тілін дамыту. Балабақшада қазақ тілін оқыту, үйрету үдерісін жаңарту. Орыс тілінде жүргізілетін топтарда оқу-тәрбие жұмысын қазақ тілінде жүргізу. Ойын-сауық, ертеңгіліктер ұйымдастыру. 2. Елге сыйлы танымал адамдармен ,сазгерлермен кездесу ұйымдастыру, шығармаларымен таныстыру. -Қазақ тілі кабинетінің материалдық базасын көтеру.
5.	IV Қазақстан Республикасының Заңы «Мемлекеттік мүлік туралы» 01.03.2001ж. №413-.	Осы Заң мемлекеттік мүліктің құқықтық режимін, мемлекеттік мүлікті басқарудың құқықтық негіздерін, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген мүлікке және жарғылық капиталдағы мемлекетке тиесілі акциялар мен үлестерге, мемлекеттің ұлттық холдингтерге, ұлттық компаниялар мен стратегиялық объектілерге ықпалының аясын айқындайды. Заң мемлекеттің мемлекеттік мүлікке меншік иесі және өзге де құқықтарды иеленуші ретінде құқықтарды тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз етуге; мемлекеттік мүлікті басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар құзыретінің аражігін айқын ажыратуға және осы органдар мен олардың басшыларының мемлекеттік мүлікті басқару саласында мемлекеттің саясатын жүргізуге жауапкершілігін арттыруға; ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялар арқылы мемлекеттік мүлікті корпоративтік басқарудың құқықтық негіздерін

		белгілеуге, олардың мемлекеттік органдармен нақты өзара іс-қимылын және олардың мемлекеттік мүлікті басқару саласында мемлекеттің саясатын жүргізуін қамтамасыз етуге жауапкершілігін айқындауға бағытталған.
6.	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес». ҚР Заңы 23.04.2009 ж.	Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кәінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.
7.	«Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» Заңы 1993ж. ҚР №19/1 заңы.	Осы Заң ҚР төтенше жағдай кезіндегі өмір сүру ортасы мен қауіпсіз қарым-қатынасының, шаруашылық объектілерінің тұрақты жұмыс істеу әдістерін, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды ескерту мен салдарын жоюды реттейді .
8.	«Міндетті мектеп алдындағы даярлық мәселелері туралы», «Өрттен қорғау туралы» ҚР Үкіметінің 22.11.1999ж. №1762 қаулысы.	- Қызметкерлерін өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерімен таныстыру. - Өртке қарсы қолданатын құралдармен толық қамтамасыз ету. - Электр жүйесін тексеруден өткізу,жарамсыз болған жағдайда дереу ауыстыру. - Қызметкерлердің өз міндеттерін жақсы білуін қадағалау. - Халықтың өмірін қорғау мен денсаулығын сақтау, мемлекеттің бөлінбес бөлігі, өрттен сақтау, ұлттық байлықты және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету.
9.	ҚР «Азаматтық қорғаныс» заңы 07.05.1997ж. №275	Осы Заң Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғанысының негізгі міндеттерін, құрылуы және жұмыс істеуінің ұйымдық принциптерін, Қазақстан Республикасы орталық, жергілікті өкілді және атқарушы органдарының, ұйымдарының азаматтық қорғаныс саласындағы құзіретін, азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ азаматтардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді.
10.	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 17.02.2012ж. №566-IV	1. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің негізгі ұғымдарын сақтау. Педагогикалық кеңесте және өндірістік мәжілісте еңбек кодексін талқылау. 2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі комиссия жұмыс беруші мен қызметкерлердің еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі бірлескен іс-қимылын ұйымдастырады, сондай-ақ жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбектің қорғалуына тексеру өткізуді және қызметкерлерді көрсетілген тексерулердің нәтижелері туралы хабардар етуді, ұжымдық шарттың келісімнің еңбекті қорғау туралы бөліміне ұсыныстар жинауды ұйымдастырады. 3. Еңбек саласындағы әлеуметтік әріптестік талаптарын орындау, еңбек шартын жасау және орындау. 4. 239 бабы бойынша мемлекеттік қызметкерлердің (жұмысын, еңбек демалысын, жалақысын, көмек ақысын) реттеледі. 5. Жұмыс берушінің және (немесе) қызметкердің не олардың өкілдерінің бастамасы бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі комиссия құрылады. Оның құрамына жұмыс берушінің өкілдері, кәсіподақ ұйымының өкілдері немесе қызметкерлердің уәкілетті өкілдері тең құқылы негізде кіреді.
11.	Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытуды 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің №922 жарлығы. 01.02.2010ж	Бағдарламада білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұйымдастырылуы негіз ретінде білім беру мен тәрбиелеуді басқару жүйесінің, білім беру қызметі субъектілерін нақты -ұйымдастырушылық нысандарының және қаржы –экономика тетіктері құрылымындарының, мазмұны мен технологияларындағы өзгерістерді қамтитын ресурстар мен мерзімі бойынша бір-бірімен өзара байланыстағы іс-шаралар кешені болып табылады.
12.	Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014	Тұрғын халықтың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының сапалы қызметтеріне деген қажеттілігін қанағаттандыру. Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет: - 2015 жылға дейін мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен мектеп жасына

	жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы. ҚР Үкіметінің қаулысы. №488 28.05.2008 жыл.	дейінгі балалардың жалпы санынан 70 %-ын қамтамасыз ету; - 2015 жылға дейін 5-6 жастағы балаларды білім беру ұйымдарындағы мектепалды даярлықпен толық қамтамасыз ету; - республикадағы демографиялық жағдайды және тұрғын халықтың білім алуға қажеттілігін ескере отырып мектепке дейінгі ұйымдардың вариативті желісін ұлғайту; - мектепке дейінгі ұйымдардың тапшылығы проблемасын шешу үшін қажетті қаржылық-экономикалық жағдай жасау; - мектепке дейінгі ұйымдарды білікті кадрлармен толық қамтамасыз етуді және үнемі олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыру.
13.	Қазақстан Республикасының 2015ж. Білім беруді дамыту туралы тұжырымдамасы. Астана қ.	Тұжырымдама бойынша 12-жылдық білім беруге байланысты баланың жан-жақты білім алуына жағдай жасау. Балабақшада баланың мектепке толық дайындалып баруы үшін мектеп алды топтарын ашу. Әрбір баланың қабілетін қамтамасыз ететін және дамытатын пәндік-кеңістік ортаны құру және педагогтардың шығармашылық әлеуметін іске асыру; үй-жайды тиімді пайдалану негізінде педагогикалық процесті және мамандардың көп функциялы қызметін ұйымдастыру; Тәрбиешілермен, мамандармен және ата-аналармен ынтымақтастық негізінде ересектердің өзара әрекет етуін үйлестіру.
14.	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережесі» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 21.12.2004ж. №1353 қаулысы.	1. М.д жастағы балалардың психологиялық- физикалық денсаулығын сақтау және нығайту, таза өмір салтын қалыптастыру. 2. М.д.жастағы балалардың бойында жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтарды сіңіруді, олардың қызғушылықтарын қанағаттандыру, ұлттық және жалпы адамзат құндылықтарына бейімдеу, қатынас негізін дамыту, бағдар жасау.
15.	«Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесі» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 22.01.2010ж. №16 бұйрығы.	1. Білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерін аттестаттау тәртібі мен мақсатын анықтайды. 2. Аттестаттаудың негізгі қағидаттары аттестатталатын педагог қызметкерге, объективті, ашықтық және алқалық қатынасты қамтамасыз ететін, ішкі және сыртқы бағалаудың жүзелілігі мен тұтастығы болып табылады. 3. Аттестаттау 5 жылда кемінде 1 рет өткізіледі. 4. Республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерін аттестаттауды білім беру саласындағы уәкілеттік орган жүзеге асырады.
16.	Мектепке дейінгі ұйымдарды мемлекеттік аттестаттаудан өткізу жөніндегі бағдарлама және әдістемелік ұсынымдар. ҚР БҒМ және ғылым саласындағы бақылау комитеті м.а 06.08.2009ж. № 1125 бұйрығы.	Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудың құрылымы мен мазмұны 1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы 2. Кадрлар құрылымы 3. Тәрбиеленушілер контингенті 4. Оқу-әдістемелік жұмыстар 5. Оқу-тәрбиелік жұмыс 6. Оқу-материалдық активтер 7. Ғылыми –зерттеу жұмысы
17.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Астана 28.11.2008ж. № 628 бұй.	М.ж.д.б. тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандартын жасау мен енгізудің объективті қажеттілігін: - м.д.б.б. сақтау мен дамыту қажеттілігі, м.д.б.б. қызметіне балаларды отбасы жағдайында тәрбиелейтін отбасыларға көмек көрсету; - жалпы білім беретін мектептерді 12 жылдық білім беру жүйесіне көшіру. - стандартта белгіленген 5 саланы жүйелі түрде жүзеге асыру;
18.	«Өзін-өзі тану» пәнінің Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Алматы -2010ж	«Өзін-өзі тану» бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты жалпы орта білім беру жүйесінде рухани-адамгершілік білім беруді ұйымдастырудың нормативтік талаптарын анықтайды. Стандарт жалпы білім беретін барлық типтегі оқу орындарының мұғалімдеріне, білім беру ұйымдарына, басқару саласының мамандарына арналған.
19.	Мемлекеттік мекемелерде ақылы қызметті ұйымдастыру. ҚР Үкіметінің қаулысы 22.09.1999ж.	Мемлекеттік мекемелерде қосымша ақылы қызметті ұйымдастыру- ата-аналардың сұрауымен, оқу бағдарламасына сай оқу-тәрбие жоспарымен, мемлекеттік жалпы білім беру стандарты негізінде жасалған және аудандық және қалалық білім бөлімдерінде бекітілген болуы керек.

20.	«Нұрлы жол- болашаққа бастар жол» Жолдауы 15.XI.2014ж	-Қолжетімді баспана. - Өңірлерді дамыту. - Экономиканы дамыту. - Жұмыспен қамтамасыз ету. - Индустрияны дамыту - Құқық қорғау органдарының реформасын жасау Ең бастысы білім беру мен денсаулық сақтау қызметін жақсарту. Біріншіден , оқу үрдісіне заман талабына сай әдістемелер мен жаңа технологияларды енгізу. Екіншіден, педагогтардың біліктілігін жоғарлату; Үшіншіден, тәуелсіз жүйені жасай отырып, біліктілікті растау қажет. Қазақ тілі, біздің мемлекеттік тіліміз өсіп-өркендеп келеді. 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары 95 процентке дейін жететін болуы керек.
21.	Президенттің халыққа жолдауы «Қазақстан 2030» 1998 ж.	Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі дамуына арналаған бағдарлама. Бағдарламада Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясы, қоғамның келешек мүмкіндіктері мен мемлекеттің ұлық мұратына деген көзқарасы толық қамтылған. Соның ішінде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізу.
22.	ҚР Үкіметінің 30.12.2011ж. №1684 қаулысымен. «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидалары	Бұл санитарлық ереже «Санитарлық –эпидемиологиялық талаптардың мазмұны мен мектепке дейінгі білім беру мекемесінің құрылымы» (сондай-ақ санитарлық ереже) сан-эпид талаптарын орындауды жобалауды, құрылысты, қайта салу, жер тілімі, ғимарат, мекеменің құрал-жабдықтары, тамақты ұйымдастыру, бракераж, ауа-жылу жүйесі, табиғи және жасанды жарықтандыру, құбырларды, күн тәртібі, топтың құрамы, ертеңгілік фильтр, дене тәрбиесі, дәрігерлік көмек, изолятор және климаттық зона ұйымдастыру.
23.	Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқауды бекіту туралы 04.01.2000ж	- Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау және сақтау. - Ойын және шынықтыру алаңдарында баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. - Балалармен серуен жасайтын орындарды алдын ала тексеру, қадағалау.
24.	ҚР Тұңғыш Президенті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар : рухани жаңғыру » атты мақаласы	ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуірдегі « Болашаққа бағдар : Рухани жаңғыру » атты мақаласында білім беру мен ұлттық тәрбие жүйесін дамытуда отбасы мен қоғамды жұмылдыра отырып ХХІ – ғасыр тұлғасын қалыптастыру. Өңірлердің өзекті мәселелерін анықтау мен халықтық бастамаларды ынталандыру , өңірлік жобаларды қолдау және іске асыру органдары , бизнес – құрылымдары үкіметтік емес ұйымдарды , еріктілерді тарта отырып Отанын дамытуға , Қазақстандық азаматтардың бойында кіші Отанға деген жауапкершілік сезімін және әлеуметтік белсенділігін арттыру .
22	19.03.2019ж Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына үндеу	Кеңес империясы құлаған сәтте біздің саясатымыз бен экономикамыз құлдырап қалды. Ел ішінде қобалжу мен түсініксіз жағдай орын алды
23	02.09.2019 жҚазақстан президенті "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның	Шын мәнінде, мамандар даярлаудың отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалған. Жыл сайын 21 мыңға жуық мектеп түлегі кәсіби және жоғары оқу орындарына түсе алмай қалады.

	тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" деген тақырыппен халыққа жолдау жасады	Жастардың бұл тобы жұмыссыздар мен маргиналдардың негізін құрайды. Олар амалының жоқтығынан қылмыстық және экстремистік ағымдардың ықпалына түсуде.
--	---	---

І.3. 2020-2021 оқу жылының мақсаттары мен міндеттемелері

қ/с	Міндеттемелердің мазмұны	Мақсаттарға жету нәтижелері
1.	Ұйымдастырылған іс -әрекеттерінде баланың жеке белсенділігін дамыту	-Тәрбиеші –педагог ұйымдастырылған әрбір іс-әрекетінде әр жеке тұлғаның іс-әрекет белсенділігін арттыруға көңіл бөлуі ; - заттар мен ойыншықтарды еркін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету; - ойын іс- әрекетінде , дене жаттығуларын орындауда , музыка ырғағымен қимыл жасау жағдайын қамтамасыз ету; -сөйлеу, сенорлық, танымдық, эстетикалық дамуына жағдай жасау; -тәрбиелеу мен оқыту процесін дербестендіруді қамтамасыз ету; -әр балаға жеке білім беру бағытын әзірлей білуі ; -баланың дене дамуындағы проблемаларды анықтап, оның әрі қарай даму перспективасын жобалай білу; *инновациялық ақпараттық –коммуникациялық технологиялар элементтерін енгізе отырып, бала дамуына ықпал ету;
2.	«Денсаулық» Физикалық қасиеттерді дамыту Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	* Денсаулық» Физикалық қасиеттерді дамыту Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуды кіріктіре дене қозғалысының белсенділігін дамыту; • Дене шынықтыру жаттығуларын табиғатпен үйлесе меңгеруді қалыптастыру • Математикалық ұғымдарды қимылды ойындар негізінде дамыту • Қоршаған ортамен таныстыру , және оған қамқорлық сезім орнату; *Баланың күделікті қозғалыс белсенділігін дамытып және физикалық қасиеттерін қалыптастыру. *Ата-аналармен балалардың денсаулығын нығайту және дамыту жолында біріккен әрекеттерді ұйымдастыруда отбасымен байланыс жұмыстарын нығайту. *Дене шынықтыру оқу іс-әрекетінде , денсаулық мерекелері мен күндерінде, спорттық кештер , спорттық жарыстар, спорттық отбасылық байқаулар арқылы денсаулықты нығайту жұмыстарын өткізу

2. Кадрлармен жұмыс

2.1. Кадрлар құрамы туралы мәлімет

«Береке» бөбекжай балабақшасында 2020-2021 оқу жылында оқу- тәрбие жұмысын 11 педагог атқарады. 9-жоғары , 2- арнаулы орта білімді. Педагог кадрлардың барлығы да штаттық жүктемемен жұмыс атқарады.

Меңгеруші-1,

Әдіскер-1,

Тәрбиешілер -11

Білім бойынша:

Жоғары білімді -9 педагог

Орта арнаулы білімді- 2 педагог

Аттестация бойынша :

Жоғары санатты – 1

Бірінші санатты –

Екінші санатты -

2020-2021 оқу жылында педагогтар саны -11 жоғары санатты -1

бірінші санатты- 0

екінші санат – 2

2020-2021 оқу жылында жас мамандар саны 2 педагогты құрап отыр.

2.2.Педагогикалық кеңестер

Мақсаты: Оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттыру

к/с	Педкеңестің бағдарламасы мен тақырыбы	өткізілу түрі	мерзімі	жауапты
1	<u>№ 1 педагогикалық кеңес</u> «Педагог-тәрбиешілерді белсендірудің әдістері» дөңгелек үстел	Педагогикалық талқылау	10.09.2020 ж	Балабақша басшысы Н.Мықтыбеков
2	<u>№2 Педагогикалық кеңес</u> «Денсаулық» саласы бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің барысы Балалардың сөйлеу, сенсорлық, танымдық даму жағдайлары Шығармашылық жұмыстардың орындалуы Озат тәжірибені зерттеу жұмысының жүргізілуі <u>№ 3 педагогикалық кеңес</u> .Жылдық қорытынды жасау. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талдау. Педагогикалық оқуға жіберілетін баяндамаларды талқылау.	Кеңес	15.12.2020 ж 20.05.2022 ж	Әдіскер А. Мыңжасар Балабақша басшысы Н.Мықтыбеков Балабақша басшысы Н.Мықтыбеков аттестаттау комиссиясы өтініш беруші маман

2.3 Жаңа технология элементтерін енгізу жоспары

к/с	Аты-жөні	Технология тақырыбы
1	Лесова Лаззат	«Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуда ТРИЗ технологиясын қолдану ТРИЗ технологиясының мақсаты - тек қана балалардың қиялын ғана емес, сонымен қатар шынайылықты түсініп жүйелі ойлауға, өзін - өзі тануға, қоршаған ортаның қиындығын байқауға және де өздерінің шағын қиындықтарын шешуге баулу болып табылады.

2	Эшбаева Макпал	Физикалық қасиеттерді дамыту Мақсаты: Бұл технология баланың жинақтылығын, зейінін, ойлау белсенділігін және есте сақтау қабілетін қажет етеді. Оқу – тәрбие үдерісі барысында қоршаған ортаны танып-білуде жолдастарына және өзіне деген оң көзқарас орнатады. Балалардың барлығының тәрбие үдерісіне денсаулығын нығайтуға және жан-жақты жеке дамуына үлес қосады.
3	Аштекова Кенже	Ақпараттық технологиясы Мақсаты: Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық – қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсат баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру.
4	Сопбек Айжан	Ойын арқылы оқыту технологиясы Мақсаты: Ойын арқылы баланың қызығушылығын оятып, білімдік, танымдық, шығармашылық көздерін ашуды көздейді.

Педагогтар үшін кеңестер

№	Тақырыбы	Дәрежесі	Мерзімі	Жауапты
1.	1. Ұйымдастырлған іс-әрекеті бойынша ойын элементтерін түсіндіру.	Жас мамандар	қыркүйек	Әдіскер .
2	«Кіші жастағы балаларға (2-4) сурет салу мен мүсіндеуді үйретудің әдіс-тәсілдері».	Кіші топтың тәрбиешілері	қазан	
3	ортаңғы жастағы балалардың Балалардың шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекеттерін дамыту .	Тәрбиешілер	қараша	Әдіскер
4	Балалардың күзиреттілігін анықтаушы индикаторларды қолдану әдіс – тәсілдері.	Пед. қызметкерлер	желтоқсан	әдіскер
5	Дамыту орталарында балалар әрекетін ұйымдастыру	Тәрбиешілер	Қаңтар	Әдіскер
6	Тілдік-танымдық әдістерді дамытудың жобасы.	Тәрбиешілер	ақпан	Әдіскер
7	Мектепке дейінгі тәрбиеленушілерді айналамен қоршаған әлеммен таныстырудың ерекшеліктері.	Тәрбиешілер	Сәуір	Әдіскер

Аттестацияға дайындық және оның талаптарын орындау

№	Іс-шаралар	мерзімі	Жауаптылар
1	Балабақшада аттестация мүшелері құрамын құру.	2020 жыл	Меңгеруші Н. Мықтыбеков Әдіскер А. Мыңжасар
2	Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау	2020 жыл	Аттестаттау комиссиясы мүшелері
3	Педагог мамандардың аттестацияда санаттарын кезектен тыс көтеру, кезекті, бекітулеріне байланысты педкеңес өткізу	2020 жыл	Аттестаттау комиссиясы мүшелері
4	Балабақшаның аттестация комиссиясының құрамының құжаттарының талапқа сәйкестігінің қарауы	2020 жыл	Аттестаттау комиссиясы мүшелері
5	Аттестациядан өтетін педагог мамандардың тізімдерін жасау, құжаттарын өткізуге дайындау	2020 жыл	Аттестаттау комиссиясы мүшелері
6	Ауданға аттестациядан өтетін педагогтардың құжаттарын тапсыру	2020 жыл	Аттестаттау комиссиясы мүшелері

2.5. Озық іс- тәжірибені үйрену және оны тарату

Тәрбиешінің Аты - жөні	Тәжірибенің тақырыбы	Жұмыс кезеңінің дамуы, таратылуы	Өткізілу мерзімі	Жауапты
Аштекова Кенже	« Бейнелеу өнері арқылы баланы бейнелеуге баулу »	I.Зерттеу(сауалнама бақылау, әңгімелесу)	IX. 2020 жыл	Менгеруші Әдіскер Тәрбиеші
	« Ойын арқылы баланың ойлау қабілетін дамыт »	II..Материалдар жинақтау, (әңгімелесу, кеңестер, баяндамалар)	I.2021жыл	
		III. Педагогтарға таныстыру (ашық сабақтар, семинарлар)	II.2021жыл	
		IV. Балабақшада іс-тәжірибенің таратылуы (көрме,педагогикал ық оқуға шығу)	IV.2021жыл	

2.6. Педагогикалық кадрларды іріктеу шаралары және қызметкерлердің өз білімін көтеруі туралы

Мақсат: белгілі бір білім беру мақсаттарына жетуге бағыттталып арнайы ұйымдастырылған танымдық іс-әрекет арқылы педагогтардың кәсіби біліктілігін көтеру, жалпы мәдени және кәсіби танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыру.

№	Маманның аты-жөні, тегі	өзін-өзі жетілдіру тақырыбы	болжамдалған нәтиже
1	менгеруші Н.Мықтыбеков	Басқару және білім беру-ақпараттық кеңістігін құру.	Педагогикалық үрдіске қатысушыларды өзара әрекет ету тұрғысында басқару жүйесінің қызметін ұйымдастыру, адмгершілік-рухани білім берумен қатар бірлікпен өзара байланыс мақсатын қамтуды ұйымдастыру.
2	Әдіскер А. Мыңжасар	Мектепке дейінгі білім мекемесінде педагогтардың кәсіби өздік дамуына ықпал ету	Әдістемелік іс-әрекеттің әр түрлі қалыптарын ұйымдастыру мен таңдау және әрбір педагогтың мүмкіндігі мен қажеттігін есепке ала отырып оның мазмұнын құру барысында ББМ педагогтарына оның кәсіби және өздік дамуына педагогикалық-психологиялық әдістемелік тұрғыда көмек беруге жағдай жасау.
3	Тәрбиеші Сопбек Айжан	Мектеп жасына дейінгі ортаңғы балалардың бойында халық ертегілері арқылы шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру.	Шығармашылық ойлау мен елестетуді дамытуға септігін тигізетін театрландырылған ойын мен іс-әрекет арқылы көркем тілдік шығармашылығын, ізденіс пен тәжірибе жасау белсенділігін дмыту, әртүрлі белгі жүйесін және интеллектуалдық қабілеттіліктерін қалыптастыру.
4	Тәрбиеші Эшбаева Макпал	Балаларға білім беру мекемесінде педагогтарды шығармашылық оқу қызметін бейімдеу.	Педагогтардың жұмыс сапасын, нәтижелілігін, белгіленген қызмет деңгейін көтеруге түрткі болатын жағдайды қалыптастыру, сонымен қатар кәсіптік мақсатқа жетуге көмектесу, өзін-өзі сыйлау сезімін жоғарылату, ББМ ахуалын жақсарту.
5	Тәрбиеші Аштекова Кенжегул	Қазақ халқының ұлттық мәдениетімен танысу барысында баланың бойында адамгершілік бастауын тәрбиелеу.	Пәндік-кеңістіктік ортасын ұйымдастыру (шағын мұражай), қажетті материалды білімді және кәсіптік деңгейде жеткізу

Мақсаты: Оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру мақсатында педагогикалық ұжымның теориялық және практикалық деңгейін көтеру
Бір жылға арналған іс – шаралар кестесі

[illegible]

2.7. Әдістемелік кабинеттің жұмыстары

№	Педагогикалық процесті жарақтандыру	Мерзім	Жауапты
1.	Жас ерекшелігіне негізделген топтар бойынша жаңа келген балалардың бейімделу анализі схемасын құрастыру	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
2.	Педагогикалық кеңестерге, ашық көрмелерге әзірлік, жастар ұйымы комитетіне, аудандық білім беру бөлімі шараларына қатысу (фестивальдар, байқаулар, спартакиада).	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер, барлық педагогтар
3.	Шебер сыныптар өткізу үшін материалдар таңдау және әзірлеу	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер, барлық педагогтар
4.	Оқыту-тәрбиелік жұмыстардың айлық жоспарын талдау	Айына 1 рет	Меңгеруші, әдіскер
5.	Әдістемелік әдебиетті толықтыру және бағдарламаның бөлімдері бойынша дидактикалық ойындарды әзірлеу	Жыл бойы	Әдіскер, тәрбиешілер
6.	Шығармашылық топтың жұмысы	Жыл бойы	Әдіскер педагогикалық актив
7.	Педагогикалық кеңестер үшін материалдар жинау (ерекше құрал-жабдықтар)	Жыл бойы	меңгеруші Әдіскер,

2.8. Өндірістік кеңес

№	Тақырыбы	Өткізілу түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	- Жазғы-сауықтыру кезіндегі өткізілген іс-шаралар қорытындысы. 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспармен таныстыру, бекіту Өндірістік кеңес№1 .Нормативтік құжаттар ,топтардың ІС - кағаздарының және оқу жылына дайындығын тексеру. (Қорытынды)	Таныстыру , талқылау	28.09.2020ж	Менгеруші Н. Мықтыбеков
2	2 .Топтардағы санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың орындалуы (Мәлімдеме)			әдіскер А.Мыңжасар
1	Өндірістік кеңес №2 Ішкі еңбек ережелерін сақталуы .Балабақшада ерт қауіпсізді ережелерін сақталуы(Мәлімдеме)	жиналыс	12желтоқсан 2020ж	Менгеруші Н. Мықтыбеков
2	. Балабақшаның қыс мезгіліне дайындығын және жарық беру мен жылу беру талабының орындалуына есеп беру.			медбике Баратова Б
3	3.Балабақшаның санитарлық жағдай			
1	- Өндірістік кеңес№3 Ойын алаңына техника қауіпсіздігін нұсқаулығының сақталуы Қызметкерлердің санитарлық талаптан ету жағдайы	Қорытынды	20 мамыр 2020ж	Б/б.мең Н. Мықтыбеков Тәрбиешілер
2	2. 3. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау, бекіту			Медбике

2.9. Меңгеруші жанындағы кеңес.

Міндеті: Педагогикалық іс-әрекеттің мотивациялық –оятушылық

к/с	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
	№1			
1	Өткен кенесінің шешімдерінің орындалуы.	10.09.2020	Әдіскер А.Мыңжасар	
2	Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің қортындысы туралы			
3	. Қортынды тексеру .			
	Жатты жылдық есеп Түрлі мәселелер			
	№2			
1	Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.	15.12.2020	Меңгеруші, Н. Мықтыбеков	
2	. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.			
3	3. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру.			
4	4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу.			
			әдіскер А.Мыңжасар	
			топ тәрбиешілері	
	№3			
1	Өткен кенестің шешімдерінің орындалуы.	20.05.2021	Тәрбиеші Аштекова Кенже	
2	2. Сегізінші наурыз , Наурыз мерекелерін қортындысы туралы.			
3	3. «Жігіт сұлтаны» , «Қыз сыны»			
4	байқаулардың қортындысы туралы			
	4. Түрлі мәселелер		Топ тәрбиешілері	
			Медбике	

қызметін қалыптастыру

2.10 Медициналық-педагогикалық кеңестер

№ р/с	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	1. Балабақша бойынша санитарлық жұмысын талдау 2. Сауықтыру –шынықтыру шараларын талдау. 3. Балалардың бейімделу кезеңіндегі ауруларына талдау.	XI	Мейірбике тәрбиешілер мейірбике
2	1. I-жарты жылдықтағы балалар ауруларына талдау. 2. Нервтік-психикалық карта бойынша балалардың ойын түрлеріне талдау. 3. Педагогикалық үрдістің жабдықталуы.	II	мейірбике мейірбике әдіскер
3	1. II жарты жылдықтағы балалар ауруларына талдау. 2. Барлық бөлім бойынша бағдарламаны меңгеру. 4. Жазғы сауықтыру жұмыстарына дайындық.	V	Мейірбике тәрбиеші әдіскер
4	1.Жанұя тәрбиесі тәжірибесін ата-аналармен жұмыс. 5. Сауықтыру шараларының жоспарын бекіту. 6. Дене тәрбиесі мен сауықтыру – шынықтыру шараларының жүргізілуіне сапалы дәрігерлік-педагогикалық бақылауды жүргізуді қамтамасыз ету	VIII	мейірбике меңгеруші мейірбике

III.Балалармен жұмыс

3.1. Ертеңгіліктер мен мерекелердің жоспары

р/с	Іс – шаралар	Өткізілу түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	1- қыркүйек -Білім күні	Тақырыптық оқу қызметі	Қыркүйек	Тәрбиешілер
	Тілдер мен гүлдер күн	Ертеңгілік	Қазан	Тәрбиешілер

2	«Жайдарлы - күз »	Ертеңгілік	қазан	Тәрбиешілер
3	Желтоқсан желі ызғарлы	Ертеңгілік	Желтоқсан	Тәрбиешілер
4	«Қош келдің - жаңа жыл»	Ертеңгілік	Желтоқсан	Тәрбиешілер
5	«Мен анамды сүйемін»	Ертеңгілік	Наурыз	Тәрбиешілер
6	«Қош келдің – Өз наурыз»	Ертеңгілік	Наурыз	Тәрбиешілер
7	«Дені саудың жаны сау»	Спорттық жарыс	Сәуір	Тәрбиешілер
8	9 мамыр –Жеңіс күні	Ертеңгілік	мамыр	Тәрбиешілер
9	Балаларды қорғау күні «Бақытты балалық».	Ойын- сауық	Маусым	әдіскер Тәрбиешілер

3.2 Балалар өмірін қорғау және денсаулығын нығайту бойынша жұмыс

Мақсаты: Балалар өмірін қорғау және балалар денсаулығын нығайту бойынша жұмысты жақсарту, балалардың дене дамуын, медико-педагогикалық бақылауды жетілдіру, инфекциялық аурулардың, тамақтан уланудың, жол-транспорттық жарақаттанушылықтың алдын-алу бойынша жұмыстарды нағайту; балалар өмірін қорғау бойынша нұсқаудың өз уақытылы жүргізілуін қамтамасыз ету.

НҰСҚАУЛАР

№	Түрі	Тақырыбы	Мерзім	Тыңдаушы санаты	Жауаптылар
1	Кіріспе	Ішкі тәртіп пен қызметтік міндеттердің талаптары мен нұсқауларын орындау	Кірген уақытта	Жаңадан келген қызметкерлер	Меңгеруші
2	Кезектен тыс	Төтенше жағдайлар, оқиғалар орын алған кезде	Қажет болған жағдайда	Бүкіл ұжым	Меңгеруші
3	Ағымдық	Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту. Балалар жарақаттанушылығының алдын-алу.	Айына 1 рет	Педагогтар	Меңгеруші, әдіскер, мейірбике
4	Ағымдық	Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау	Тоқсанда 1 рет	Бүкіл ұжым	Меңгеруші

5	Ағымдық	Ішкі тәртіп пен қызметтік міндеттердің талаптары мен нұсқауларын орындау	Жылына 2 рет, қаңтар, маусым	Бүкіл ұжым	Меңгеруші
6	Ағымдық	Техникалық комиссия жұмысы нәтижелері бойынша	Айына 1 рет	Барлық қызметкерлер	Меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі
7	Ағымдық	Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау және орындау туралы	Тоқсанда 1 рет	Барлық қызметкерлер	Шаруашылық меңгерушісі
8	Ағымдық	ТЖ бойынша іс-шаралар	Тоқсанда 1 рет	Барлық қызметкерлер	Меңгеруші
9	Ағымдық	Қызметкерлер және балалармен сейсможаттығулар өткізу әдістемесі	Жылына 2 рет	Бүкіл ұжым	Әдіскер, шаруашылық меңгерушісі
10	Ағымдық	Электржабдықтарын пайдалану ережелері мен нұсқаулары	Тоқсанда 1 рет	Шаруашылық меңгерушісі, асхана мен кір жуу бөлмесі жұмысшылары	Шаруашылық меңгерушісі
11	Ағымдық	Жұмыс орындарында санитарлық дезрежимді ұйымдастыру	Тоқсанда 1 рет	Қызмет атқарушылар	Мейірбике

3.3. Дене шынықтыру және сауықтыру іс-шараларының жоспар-кестесі

№	Іс-шара	Мерзім	Жауапты
1	Спорттық жаттығулар мен қозғалыс ойындары	Күнделікті	Барлық топтар тәрбиешілері
2	Дене шынықтыру оқу іс-әрекеттері	Аптасына 2 рет	Тәрбиешілер
3	Сергіту сәттер	Күнделікті	Тәрбиешілер,
4	Ертенгілік жаттығу, Ертенгілік шеңбер	Күнделікті	Тәрбиешілер
5	Дене шынықтыру ойын-сауықтары		Тәрбиешілер

	(«Көңілді старттар», «Ұлттық ойындар», «Жүгіру – біздің досымыз»)	Наурыз	
6	Дене шынықтыру мерекелері («Қысқы қызықтар», «әкем анам және мен – спорттық жанұя», «Наурыз» т.б.)	Наурыз, маусым	Тәрбиешілер
7	Денсаулық күні	Тоқсанда 1 рет	Әдіскер, тәрбиешілер,
8	Балаларды ауа, күн сәулесі және сумен шанықтыру	Күнделікті	Тәрбиешілер
9	«Ұйқыдан кейінгі сергіту жаттығулары ».	Күнделікті	Тәрбиешілер

3.4. Жол ережелерін балаларға үйретудің тақырыптық іс-жоспары.

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	2	3	4	
	Қыркүйек			
1	ЖЖЕ бойынша оқу қызметін өткізу әдістемесі бойынша нұсқаулық-әдістемелік консультация.	Мектеп жасына дейінгі балалармен ЖЖЕ бойынша оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру	қыркүйек	Әдіскер
2	Көшемен танысу. Балалардың көше, тротуар туралы түсініктерін анықтау. Көшедегі тәртіп туралы қарапайым түсініктерді беру. Көше бейнеленген суреттерді қарап шығу. Кітап бұрышына көше бейнеленген суреттерді, альбомдарды, кітаптарды қою.			тәрбиешілер

1	Қазан Қол еңбегі. «Бағдаршамның» макетін жасау. Бағдаршам белгісі бойынша. Бұл туралы барлығы білуі тиіс. ЖЖЕ туралы білуді неден бастау қажет.	Әңгімелесу. Көшедегі жағдай туралы түсінік беру.	қазан	Тәрбиешілер
1	1. Қараша Жаяу жүргінші өтетін жер аппликациясы, «Сақ жаяу жүргінші» үстел ойыны	Балалар қызметі	Ай ішінде	Ортаңғы топ тәрбиешілері
1	Желтоқсан «Машиналар көмекке келе жатыр» - сурет салу. «Кім бірінші өтеді?» ситуациясы.	Танымдық оқу қызметтері	Күннің екінші жартысы	Ересек топ тәрбиешілері

1	Қантар «Жаяу жүргінші көшеде» ойыны. Н.Н. Носовтың «Автокөлік» әңгімесін оқу.	Ойын	Оқу қызметінде	Ортаңғы топ тәрбиешілері
1	Ақпан «Үлгілі жаяу жүргінші болуға рұқсат етіледі» - суретпен жұмыс істеу. «Біз көшеден қорықпаймыз» ойыны»	Ойын	Ай ішінде	Барлық топтар тәрбиешілері
1	Наурыз «Рұқсат ететін және тыйым салатын» белгілердің суретін салу. Көшедегі тәртіптің негізгі	Әңгімелесу	Іс-әрекетінде	Тәрбиешілер

	ережелері.			
1	Сәуір «Қай жерде ойнауға болады, ал қай жерде болмайды» иллюстрациясын қарап шығу, «Кім жылдам» ойыны	Әңгімелесу		Тәрбиешілер

ІҮ. Құқықтық тәрбие жұмыстары

4.1. Құқықтық сауаттылықты арттыру

Мақсаты: білім беру процесінің барлық субъектілерінің өзара педагогикалық әрекеттесуінің жаңа формаларын іздеу. Отбасындағы кемшіліктер профилактикасы. Балаларды өз құқықтарымен, ата-аналар мен педагогтарды балалар құқықтарын сақтау бойынша міндеттерімен таныстыру.

№	Жұмыстың түрі	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Балабақша Қызметкерлерімен Семинар: Дөңгелек үстел сауалнама	«ҚР мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық құжаттар» Құқық дегеніміз не? Мемлекеттік органдар және баланың құқықтарын қорғау «Балалар құқығы туралы Заңды сақтау» тақырыбы бойынша педагогтар арасында сауалнама жүргізу	қыркүйек желтоқсан наурыз сәуір	Меңгеруші
2	Балалармен: - Практикалық сабақ - Әңгіме - әңгімелесу	«Конвенцияда қонақта» тақырыбы бойынша ересектер мен балаларға арналған әңгіме-дүкен өткізу. (Бала құқығы туралы БҰҰ Конвенциясы. 1989 ж.) Бала тәрбиесіндегі құқықтық мәдениет Баланың негізгі құқықтары мен міндеттері	қазан Ақпан қыркүйек	Тәрбиешілер Тәрбиешілер Тәрбиешілер

3	Ата-аналармен: • әңгімелер • сауалнама • баяндама	«Балалар құқығы туралы не білеміз?» тақырыбы бойынша ата-аналар бөлмесінің жұмысы «Балалар құқығы туралы Заңды сақтау» тақырыбы бойынша ата-аналар мен педагогтар арасында сауалнама жүргізу Баланың отбасындағы құқықтары	Жыл бойына Сәуір қараша	Әдіскер Тәрбиешілер	

5.Бақылау мен басқару

5.1. Балабақшаішілік оқу-тәрбие жұмыстарына бақылау жасау жоспары

Мерзім	Бақылаудың мазмұны мен түрі	Мақсаты	Әдісі	Кім бақылайды	Қортынды қашан тыңдалады
қыркүйек	<u>Жедел</u> - Ішкі еңбек ережелері талаптарын орындау. - Тамақтануды ұйымдастыру. - Балалармен жеке жұмыс	Еңбек тәртібін күшейту. Санитарлық және педагогикалық талаптарды орындау. Тұлғалыққа бағытталған тәрбиені қамтамасыз ету.	Бақылау, топтарды аралау	Әдіскер, меңгеруші	Өндірістік кеңес
	<u>Ағымдағы</u> * Педагогикалық құжаттаманың МЖБС сай беруді жоспарлау талаптарына сәйкес келуі	МЖБС сай тәрбие және білім беру процесін ұйымдастыру бойынша нұсқауларды орындау.	Жоспар анализі. Құжаттаманы тексеру, педагогтарды әңгімеге шақыру	Мейірбике, әдіскер Әдіскер Меңгеруші, әдіскер	Кеңес
қазан	<u>Жедел</u> Кіші және ортаңғы топтардағы балаларды жуыну барысында мәдени-гигиеналық әдеттерге дағдыландыру. Санэпидтәртіпті орындау.	Тәрбиешінің рөлі.	Бақылау	Мейірбике, әдіскер	кеңес

қараша	<u>Жедел</u> - Тамақ қабылдау барысындағы мәдени-гигиеналық ережелерге тәрбиелеу. Ата-аналарға арналған көрнекі ақпаратты дайындау. - Ересек топтағы қол еңбегі сабақтарындағы оқыту материалының сапасы.	Бағдарлама талаптарын орындау. Эстетикалық талаптарды есепке алу, екітілділік: өзектілік Сабаққа дайындалу әдіс-тәсілдерін қолдану.	Таңғы, түскі және бесін асты ұйымдастыру барысын бақылау. Бұрыштарды қарау. Педагогтармен әңгімелесу, ұйымдастыру-басқару қызметін жоспарлау анализі	Мейірбике, әдіскер Меңгеруші , әдіскер Әдіскер	Өндірістік кеңес Жоспарлама
желтоқсан	<u>Жедел</u> - Өрт сөндіргіштердің жаңажылдық мейрамдарға дайындығы. - Топтарда ауа райы күнтізбесін дұрыс жүргізу. - ҚР Тәуелсіздік күніне арналған таңертеңгіліктерді өткізу барысында тәрбиелеу міндеттерін орындау.	Нұсқауларды ұстану Жас ерекшеліктерін, жыл мезгілдерін есепке алу Адамгершілік-патриоттық тәрбиені жүзеге асыру.	Тексеру Бұрыштарды, сценарийлерді қарау. Мерекелерге қатысу, сценарийлерді талдау	Меңгеруші , шаруашалық меңгерушісі Әдіскер Әдіскер	Өндірістік кеңес
қаңтар	<u>Жедел</u> Күн тәртібін ұйымдастыру. Серуендерге дайындық.	Балалардың киім кию дағдыларының, дербестіктерінің деңгейін анықтау. Біртіндеушілік принципін есепке алу.	Күн тәртібін бақылау, балалармен әңгімелесу	Әдіскер	Меңгеруші жанындағы кеңес
ақпан	<u>Салыстырмалы</u> Қарапайым математикалық және экономикалық түсініктерді қалыптастыру	Дайындық топтары тәрбиешілері жұмыстарын салыстыру.	Бақылау, талдау	Әдіскер	Меңгеруші жанындағы кең

наурыз	<u>Ағымдық</u> - Бейнелеу қызметі бойынша сабақтарды талдау (Барлық топтар) - ортаңғы)	Бейнелеу техникасын меңгеру	Оқу іс-әрекеттеріне қатысу , жұмыстарды талдау	Әдіскер, педагогикалық ұжым	Өндірістік кеңес
сәуір	<u>Салыстырмалы</u> - Театрландырылған қызмет бұрыштарының жағдайы. <u>Жедел</u> - Дене шынықтыру сабақтарында негізгі қимыл түрлерін орындау барысындағы мағлұмат пен икемді талдау (барлық топтар)	Балалардың бағдарламаны меңгеру нәтижелерін салыстыру Қажетті жабдықтар мен дидактикалық материалдардың бар болуы және олардың күйі Бағдарлама талаптарына сәйкестік	қатысу, балалармен әңгімелесу Қарау тексеру мөлшерін талдау	Меңгеруші Әдіскер Әдіскер Әдіскер, мейірбике	Жоспарлам а кеңес
мамыр	<u>Қортынды</u> - Ересек топтары балаларының мектепке даярлық деңгейін бағалау. <u>Жедел</u> - Табиғатты бақылауды ұйымдастыру (барлық топтар)	Балалардың бақдарлама материалдарын меңгеруі. Бағдарламаның орындалуы Қолайлы жағдай жасау әдіс-тәсілдерін қолдану	Диагностика, сабақтарға қатысу Серуендерге қатысу, балалармен әңгімелесу, жоспарлауды талдау	Әдіскер, психолог Әдіскер Әдіскер, тәрбиешілер	Педагогикалық кеңес Меңгеруші жанындағы кеңес
маусым	<u>Жедел</u> - Серуенде ойын қызметін ұйымдастыру. - Қимыл белсенділігі режимін ұстану (барлық топтар)	Өндірістік-заттық ойын ортасын ұйымдастыру Балалалрға деген қарым-қатынас таба білу	Бақылау мен талдау Бақылау мен талдау	Әдіскер Мейірбике, әдіскер	Жоспарлам а Жоспарлам а

6. Ата - аналармен жұмыс

Мақсаты: ата-ананың педагогикалық мәдениетін жоғарылату, педагогикалық ұжым алдында тұрған міндеттерді бірігіп шешуді үйрету

6.1. Ата-аналармен жұмыс жоспары

№ р/с	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
I	«Балабақшамен отбасының бала тәрбиесіндегі бірыңғай талабы» тақырыбындағы жалпы ата-аналар жиналысы.		
1	Балалар бақшасымен танысу. Балабақшадағы мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің мақсаты мен міндеті (дөңгелек үстел)	IX	Меңгеруші әдіскер
2	Балабақша мен ата-аналар арасындағы келісім шартты талқылау		
3	Ата-аналар үшін ескертпе «Баланың жаңа орынға бейімделуіне қалай көмектесу керек?»		
	Ашық есік күндері: Ашық оқу іс-әрекеттеріне қатысу	XI-II-IV	
II	Жалпы ата-аналар жиналысы: «Оқу жылының қорытындысы»: 1. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ұйымының отбасымен қарым-қатынас жүйесі. (<u>әңгімелесу, ойлар бөлісу</u>) – жылдық жұмыс қорытындысы; – отбасы тәрбиесінен тәжірибе; – жазғы мезгілге міндеттер.	V	Меңгеруші әліскер

6.2. Топтық ана-аналар жиналысы

Топ.	Тақырыбы, формасы және мазмұны	Мерзім	Жауапты
Ортаңғы топ «Балдәурен»	1. «Бағдаршам» - 2. «Мінез құлық мәдениеті» - ой бөлісу 3. «Ата-анамен сауалнама	қыркүйек қаңтар мамыр	Ортаңғы топ тәрбиешісі Эшбаева Макпал
II-кіші топ «Күншуақ»	1. «Ұрпақ тәрбиесі –ұлт болашағы» баяндама - 2. «Салт-дәстүрлер біздің отбасымызда» - ой бөлісу 3. «сауалнама»	қыркүйек қаңтар мамыр	Ортаңғы топ тәрбиешісі Сопбек Айжан
Ортаңғы топ «Нұршуақ»	1. «Болашақ біздің ұрпағымыз » - дөңгелек үстел 2. «Баланың денесінің тоңып қалмауын қадағалаңыз» - әңгімелесу 3. «Отбасындағы жазалау мен ынталандыру» - сұрақтар мен жауаптар	қыркүйек ақпан мамыр	Ортаңғы топ Аштекова Кенже
Ересек топ «Болашақ»	1. «Кітапқа қызығушылықты тәрбиелеу» баяндама 2. «Бала және компьютер» - дөңгелек үстел 3. «Баланың ұялшақтығын қалай жеңуге болады?» Сұрақтар мен жауаптар кеші	қыркүйек ақпан мамыр	Ересек топ тәрбиешілері